

**«БЕКІТІЛДІ»**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Премьер-Министрінің орынбасары –**  
**Ауыл шаруашылығы министрі**  
**Ө.Е. Шөкеев**

2018 жылғы «29» мамырда

**Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жасау стратегиясын іске асыру және ауыл шаруашылығы саласында жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау үшін жауаптылар	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
<b>1. ҚР қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі іс-шаралар</b>				
1	Облыстың жергілікті атқарушы органының құзыретіне «Астық туралы» заңның 6-1-бабының 17-13-тармағына қатысты өзгерістер енгізу;	ӨШӨӨҚД, АӨК МИК	Өзгерістер енгізу туралы заң	2019 жылғы 1-тоқсан
<b>2. Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жасау стратегиясы</b>				
<b>«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау» бөлімі</b>				
<b>Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау</b>				
1	Ауыл шаруашылығы өнімінің экспортына, импортына және транзитіне рұқсаттар беру тәртібін өзгерту бойынша шаралар қабылдау	ФВҚД, ВБҚК, АӨК МИК, НДД, СЖТД, МКҚДжАӨКЦД	бұйрық	2018 жылғы 4-тоқсан
2	Ауыл шаруашылығы, табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау, техникалық реттеу, экология, сәулет және қала құрылысы салаларында бақылау функцияларын жүзеге асыру кезінде процестерді оңтайландыру және қарапайым ету бойынша шаралар қабылдау	Комитеттер, СЖТД, ҚБ	МҚІСЖҚІА-ға ұсыныстар	2018 жылғы 4-тоқсан
3	Жер заңнамасын: 1) жеке тұрғынүй құрылысы үшін жер учаскесін алуға кезектіліктің біріңғай тізілімін енгізу; 2) жер учаскелерінің нысаналы мақсаттарын өзгерту рәсімін оңтайландыру бөлігінде жетілдіру	ЖРБК, ЖАО (келісім бойынша)	Заң жобасының тұжырымдамасы	2019 жылғы 2-тоқсан

<b>Квазимемлекеттік және жеке секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау</b>				
4	Ауыл шаруашылығын, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау рәсімін жетілдіру	ДСПА, ДРГУЦ в АПК, СП	бұйрықтар	2019 жылғы 2-тоқсан
<b>«Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жасау» бөлімі</b>				
5	Жұмысшылардың еңбегін еңбек шартын жасаусыз пайдаланатын жұмыс берушілерді мониторингілеу және оларға шаралар қабылдау	СЖТД, Комитеттер, салалық ҚБ	ЕХӘҚМ-ге ақпарат	2018 жылдан бастап жартыжылдық қорытындылары бойынша жыл сайын
6	Агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық форматта ұсыну саласын кеңейтуді пысықтау	МКҚДжАӨКҚД, ҚБ	Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерінің стандарттарын электрондық форматта көрсетуді ескере отырып бекіту	2019 жылғы 4-тоқсан
<b>3. ҚР АШМ бекітетін Қағидаларға, стандарттар мен регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар</b>				
1	Аңшылық қағидаларына өзгерістер енгізу, атап айтқанда осы Қағидалардың 13 және 18-тармақтарын сәйкес келтіру мәселесін пысықтау	ОШЖДК	ҚР АШМ бұйрығы	2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін
2	ҚР аумағында шектеулі таралғандар тізіміне енгізілген жаңа анықталған карантиндік объектілерді химиялық өңдеу бойынша бағаларды бекіту	АӨК МИК, ФВҚД	ҚР АШМ бұйрығы	2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін
3	Шаруашылық ішілік жерді жайластыру жобаларын әзірлеуді реттеу	ЖРБК, ӨШӨӨҚД	ҚР АШМ бұйрығы	2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін
4	Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрықтарымен бекітілген, мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланған нормативтік құқықтық актілерді (мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттарын, қағидаларын және басқаларын) тиісті бірдей жағдайға келтіру бойынша жұмыс жүргізу	Департаменттер, Комитеттер, МКҚДжАӨКҚД	ҚР АШМ бұйрығы	2018 жылғы 1 шілдеге дейін

<b>4. ҚР қолданыстағы заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етпейтін жедел сипаттағы іс-шаралар</b>				
5	Қызметкерлердің Әдеп нормаларын бұзуына, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және мемлекеттік қызмет мүддесіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасауын жол бермеу мақсатында «Мемлекеттік қызмет туралы» заңды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау туралы» заңды, Әдеп кодексін және «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын түсіндіру бойынша семинарларды тоқсан сайын өткізу, сондай-ақ регламентте көзделмеген көрсетілетін қызметті алушымен көзделмеген тікелей байланысты болдырмау мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі түсіндіру іс-шараларын өткізу.	Комитеттер, МҚКДжАӨКЦД, КӘҚД, Комитеттердің аумақтық бөлімшелері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «ҚазАгро» АҚ (келісім бойынша)	МҚІСЖҚІА-ға ақпарат	тоқсан сайын
6	Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, бұзушылар туралы толық және шынайы деректер алуы үшін мемлекеттік инспекторлардың өтініштерді Жедел басқару орталығына (ЖБО) арнайы байланыс құралдары бойынша ұсыну мүмкіндігін қарастыру туралы мәселені пысықтау.	ОШЖДК, ЖРБК	ІІМ-ге ақпарат, бұзушылар бойынша деректер базасы	2018 жылғы 1 шілдеге дейін
7	Жер учаскелерінің меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланулары жөніндегі ақпарат ұсыну.	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері (келісім бойынша), ЖРБК (жинақ)	Министрлік басшылығына ұсыныстар мен ақпарат	2018 жылғы 1 шілдеге дейін
8	Жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың әрбір фактісі бойынша жетекшілік ететін салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауды жүргізу және олардың жасалуына ықпал еткен себептер мен шарттарды жою жөніндегі ұсыныстар енгізу.	Комитеттер, ҚБ	Министрлік басшылығына ұсыныстар мен ақпарат	2018 жылғы 1 шілдеге дейін
9	Мемлекеттік инспекторларды бейне белгілеу құралдарымен (Жол-патрульдік полиция қызметкерлері пайдаланатын ұқсас бейне тіркегіштермен, бейне камераларымен) қамтамасыз ету.	Комитеттер	Министрлік басшылығына ақпарат	2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін

**Аббревиатураларды ашып жазылуы:**

ҚРІ АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

МҚІСЖҚІА – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;

ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

ЕХӘҚМ – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;  
КӘҚД – Кадр және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті;  
МКҚДжАӨКЦД – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту және АӨК-ні цифрландыру департаменті;  
ӨШӨӨҚД – Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті;  
МШӨӨҚД – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті;  
ФВҚД – Фитосанитариялық және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті;  
НДД – Нарықтарды дамыту департаменті;  
АӨК МИК – Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті;  
ВБҚК – Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті;  
СРК – Су ресурстары комитеті;  
ОШЖДК – Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті;  
ЖРБК – жер ресурстарын басқару комитеті;  
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы;  
ӘҚБК – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;  
ҚБ – ҚР АШМ құрылымдық бөлімшелері.